

Талап ауылының №14 ЖББМ-дегі “Еркетай” шағын орталығы
педагог-психологының
2024-2025 оқу жылы бойынша І тоқсан есебі.

Психологиялық қызметтің мақсаты – балалардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысуларға психологиялық қолдау көрсету.

Психологиялық қызметтің міндеттері:

- Балалардың өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
- ақпараттық қоғамның жылдам дамуында олардың табысты әлеуметтенуіне психологиялық тұрғыдан жәрдем көрсету;
- психологиялық диагностиканы жүргізу;
- психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;
- балалардың психологиялық денсаулығын сақтау;
- психологиялық мәселелерді шешуде ата – аналар мен педагогтерге консультациялық көмек көрсету;

2024 жылдың қыркүйек айынан оқу жылына жылдық жоспар құрылып, психологиялық қызметтің 5 бағыттары бойынша жұмыстар жүргізіледі.

Психобейімделу:

Мақсаты: тұлғаның жаңа ортаға бейімделуіне көмектесу – шағын орталыққа алғаш келген баланың жаңа ортаға үйренуі, күн тәртібіне бейімделу сонымен қатар ата-анасына шағын орталық өмірін таныстыра отырып, психологиялық көмек көрсету.

Психологиялық диагностика:

Мақсаты: тұлғаның жеке және жас ерекшелігін, тұлға аралық өзара әрекет ерекшеліктерін зерттеу.

Психокоррекция және дамыту:

Мақсаты: тұлғаның психологиялық және тұлғалық дамуындағы ауытқуларды болдырмау, жалпы оқу дағдысы мен біліктілікті дамыту.

Психоағарту жұмыстары:

Мақсаты: тұлғаның психологиялық және тұлғалық дамуында кездесетін сәтсіздіктерге ескерту жасау, жүргізілген жұмыс нәтижесіне байланысты кеңестер мен ұсынбалар беріледі.

Психологиялық кеңес:

Мақсаты: педагогикалық үрдіске қатысушыларға мәселелерді шешуге көмектесу.

Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 25 тамыздағы №377 бұйрығы негізінде ата-аналардан баланың шағын орталықта оқу кезеңінде психологиялық сүйемелдеуге келісім парағы туралы түсіндіріліп, келісім парағы алынды.

2024-2025 оқу жылы басында “Еркетай” шағын орталығындағы 3 жас пен 4 жас тәрбиеленушілердің статистикалық көрсеткіші.

2024-2025 о.ж.	Ұл бала	Қыз бала	Барлығы
	4	2	
Барлығы	4	2	6

Балалардың денсаулықтары жақсы, әлеуметтік жағдайлары қанағаттанарлық. Психикалық көңіл –күйлері қалыпты деп айтуға болады.

Қыркүйек айынан бастап бекітілген жоспарға сай “Еркетай” шағын орталығының тәрбиеленушілерімен танысумен басталды. Жаңадан келген баларды тіркеп, психологиялық картасы әзірленді.

Әр бала жеке тұлға және олардың жас ерекшеліктері әр түрлі. Соған байланысты әр баламен жеке жұыстар, түзету-дамыту жұмыстары, жаттығулар жүргізіледі.

Балалардың шағын орталыққа бейімделуін анықтау мақсатында тәрбиеленуші әр балаға жеке парақша арналып олардың күнделікті эмоцианалдық көңіл-күйлерін, басқа балалар ұжымымен қарым-қатынасын, оқу іс-әрекетіне және ойынға деген қызығушылығын бақылау жұмыстары жүргізілуде.

Бейімделу деңгейі

Бейімделу деңгейі жоғары балалар- 90%.

Бейімделудің орташа деңгейі -10% .

Бейімделу кезінде сурет салуды педагог жиі қолданған жөн, себебі сурет – теріс эмоция мен сезімдерді шығарудың бір жолы, сол себепті балалармен жиі сурет салған бейімделу кезінде маңызды. Жалпақ сызық қалдыратын фломастерлер мен маркерлер балаларға ләззат сезімін сыйлайды. Ал сумен, құммен ойнаған балаларды тыныштандырып, босаңсытады.

Қазан айында: Балалардың психологиялық танымдық деңгейлерін анықтау мақсатында балалармен бастапқы диагностика жүргізілді.

«Не жасырылған», «Суретті салыстыр», «Суреттерді есте сақта», “Не артық?” , «Суретті есте сақта», «Фигуралардың суретін салып бітір» тапсырмалары берілді. Психодиагностика қорытындысында қабылдау, ойлау, есте сақтау, қиялдау қабілеттері, зейіні «төмен» балалар анықталды, берілген суреттер арқылы әңгіме құруға қиналатын, сөз қоры аз балаға «Психологиялық ойын» арқылы балалардың ойынның әртүрлі ережелерін сақтауға үйрету, балаларды біріктіру өзара сенім жағдайын құру, танымдық процесстерін дамыту, көңіл-күйлерін қалыптастыру, белсенділіктерін арттыру мақсатында түзету-дамыту, жеке жұмыстары жүргізілді.

Қ-қатысқаны

Ж-жоғары деңгей

О-орташа деңгей

Т-томен деңгей

Жасы	Қабылдау“ «Не жасырылған»				Зейін «Суретті салыстыр»әдісте				Ойлау “Не артық?” әдістемесі				Ес “Суретті есте сақта” әдістеме				Қиял «Суретті аяқта» әдістеме			
	қ	ж	о	т	қ	ж	о	т	қ	ж	о	т	қ	ж	о	т	қ	ж	о	т
3	3	1	1	1	3	1	1	1	3	1	1	1	3	1	1	1	3	1	1	1



Қ-қатысқаны
Ж-жоғары деңгей
О-орташа деңгей
Т-томен деңгей

Жасы	Қабылдау" Не жасырылған"				Зейін «Суретті салыстыр» әдісте				Ойлау «Не артық?» әдістемесі				Ес «Суретті есте сақта» әдістеме				Қиял «Суретті аяқта» әдістеме			
4	Қ	Ж	О	Т	Қ	Ж	О	Т	Қ	Ж	О	Т	Қ	Ж	О	Т	Қ	Ж	О	Т
	3	1	1	1	3	1	1	1	3	1	1	1	3	1	2	0	3	1	1	1



Қорытынды: шағын орталықтағы 4 жастағы балалардың танымдық қабілеттері- 75% жоғары деңгей, 3 жастағы балалардың танымдық қабілеттері- 75% жоғары деңгей деңгей. Жалпы шағын орталық бойынша балалардың таным қабілеттері: 75% жоғары деңгейді көрсетіп отыр.

4 жастағы балалар - Есентоғайдың танымдық қабілеттері – төмен деңгейде (тапсырмаларды орындауға ықыласы төмен, өте ұяң, сұрақ қойсаң үндемейді, көзін үнемі төмен салып отырады, кейде карапайым сұрақтардың өзіне әрең жауап қайтарады. Есентоғай балалар арасында өзін –өзі еркін ұстай алатындығы байқалды.

Ұсыныстар:

- 1) Балардың назарын толығымен аудару үшін, сабақтың кіріспесін қызықты көрсете алу керек.
- 2) Сабақ барысында барлық балалар бос отырмауы керек, жұмыспен шұғылданып отыруы керек.
- 3) Балаларға өз қажеттілігін сезінуге мүмкіндік беру керек.
- 4) Ата-анамен тығыз қарым-қатынаста болу.

Есіңізде болсын: үзіліс, баяулылық, бос отыру – дисциплинаны, яғни тәртіпті бұзады.

Оқу жылының басында мінезінде проблеммалары байқалған балалар жоқ.

Психологиялық профилактика

Қазан айында шағын орталықтағы балалардың өзін-өзі бағалауын анықтауға арналған “Баспалдақ” әдістемесі жүргізіліп, нәтижесінде барлық балалардың өзін-өзі бағалау деңгейі жоғары және орташа деңгейде екені анықталды. Төмен деңгейде анықталған балалар жоқ.

Балалардың қобалжуын сейілту жұмыстары.

Балаларының көңіл-күйін көтеру, бір-біріне достық қарым-қатынас, көңіл бөлу және қамқорлық жасауға тәрбиелеу, тапсырмаларды бірге орындау мақсатында “Эмоция әлемі” психологиялық сабақ, балаларға жағымды көңіл-күй қалыптастыру үшін «Түстер әлеміне саяхат» психологиялық сабақ, балалардың шығармашылық әлеуетін дамыта отырып, психоэмоционалдық жағдайды жайландыру мақсатында «Ғажайып көбелек» психологиялық сабағы және жыл бойы жеке балалармен ертегі терапиялары жүргізілді.

Психотүзету және дамыту жұмыстары.

Бұл жұмыс бағыты бойынша психологиялық процестерді дамытуға арналған жаттығулар, агрессивтілікті жоюға арналған жаттығулар, балаларға жас ерекшеліктеріне сай қозғалмалы ойындар, ауто-релаксациялар, тренингтер жыл бойы жүргізіледі. Атын атап айтар болсам “Бір-бірімізге амандасамыз”, “Геометриялық пішіндер”, “Өзіңді ұстауды үйрен”, “Менің көңіл-күйім қандай?”, тренингтері және саусақ жаттығулары жүргізіледі.

Психологиялық ағартушылық.

Психологияның бұл бағыты бойынша ата-ана мен шағын орталық арасындағы ынтымақтастықты нығайту мақсатында “Бала дамуындағы ата-ананың ролі” тақырыбында баяндама. Ата - ананың өз баласына деген сүйіспеншілігінен тәрбиешінің қылығы мен талабын шектен тыс субъективті деп кездеседі. Сол мәселеге байланысты жыл бойы жеке ата-аналармен кездесіп, барынша кеңес беріп отырылады. Ұжым мүшелерінің педагогтарына “Мен қандай тәрбиешімін?” сауалнамасы, ұжымдағы психологиялық климатты анықтау мақсатында “Мен және менің ұжымым” атты сауалнамасы, Ұжымда жағымды қарым-қатынас орнату мақсатында тренинг- жаттығулар жүргізілді.

Кеңес беру

Кеңес беру бағыты бойынша «Баланың шағын орталыққа бейімделуі» ата-аналарға кеңес, «Сөйлеуі мен ойлауы баяу балалармен жұмыс» дамуы баяу

балалармен жұмыстануда тәрбиешілерге қолдау көрсету кеңесі, «Бала дамуындағы ата-ананың рөлі» ата-аналарға кеңес, «Ертегі арқылы балалардың ой-өрісін жетілдіру» бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында ақпараттық кеңес жүргізіліп, кеңестер берілді.

Сұраныс бойынша шағын орталық қызметкерлеріне ұсыныстар, кеңестер беріледі.

Шағын орталық балалар арасында және тәрбиешілер мен балалар, педагогтармен ата аналар, ата- аналармен балалар арасында қалыптасқан қарым-қатынас үйлесімді оң сипатында.

Педагог-психолог:  Г.М.Битенова